

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай институты

«Геологиялық түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау»
кафедрасы

Алпысбай А.Ж.

Тақырыбы: «Есімжал кенорнының тотыққан марганец кендерін бағалау
мақсатымен барлау жұмыстарын жүргізу»

Дипломдық жобаның

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБАСЫ

Мамандығы: 5В070600 – «геология және пайдалы қазба кенорындарын
барлау»


Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай институты

«Геологиялық түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау»
кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
ГТПҚКЖБ кафедрасының
меңгерушісі, PhD докторы,
ассоц. профессор

А.А. Бекботаева
«__» маусым 2022 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

«Есімжал кенорының тотыққан марганец кендерін бағалау мақсатымен барлау
жұмыстарын жүргізу»


5В070600 - Геология және пайдалы қазба кенорындарын барлау

Орындаған



Алпысбай А.Ж.

Пікір білдіруші,
Қ.И. Сәтбаев атындағы ГФИ,
сирек және сирекжер зертханасының
меңгерушісі, PhD


К.С. Тогизов
«20» 2022 ж.

Ғылыми жетекші,
қауымдастырылған профессор,
PhD докторы,
Б.Б. Амралинова
«__» 2022 ж.



Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Қ.Тұрысов атындағы Геология, мұнай институты

«Геологиялық түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау» кафедрасы

5B070600 – Геология және пайдалы қазба кенорнын барлау

БЕКІТЕМІН

ГТПҚКІЖЖБ кафедрасының
меңгерушісі, PhD докторы,

 асоц.профессор
А.А.Бекботаева

« ___ » _____ 2022 ж.

Дипломдық жобаны даярлауға

ТАПСЫРМА

Білім алушы: Алпысбай Ардақ Жанабергенқызы

Тақырыбы: «Есімжал кенорнының тотыққан марганец кендерін бағалау мақсатымен барлау жұмыстарын жүргізу»

Университет ректорының № 489-П/Ө, «24» желтоқсан 2021 ж. бұйрығымен бекітілген
Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «23» мамыр 2022 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: Диплом алды өндірістік практикада жиналған
сызба және жазба материалдары;

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

А) Ауданның географиялық-экономикалық сипаттамасы;

Ә) Ауданның геологиялық құрылысының сипаттамасы;

Б) Жобаланған жұмыстардың әдістемесі, көлемі және түрлері;

В) Қорларды есептеу;





Сызба материалдар тізімі: Есімжал кенорнының геологиялық картасы,

Профильдер бойынша геологиялық қималар, Қорды есептеу сызбасы;


Дипломдық жобаны дайындау кестесі

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге, кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Ауданның кенорынның геологиялық құрылысы	09.03.2022	
Жобалық геологиялық барлау жұмыстарының нысаналы мақсаты, әдістемесі және көлемі	25.03.2022	
Қорларды есептеу	05.04.2022	
Геологиялық барлау жұмыстарының сметасы	12.04.2022	

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа (жобаға) қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Ауданның кенорынның геологиялық құрылысы	қауымдастырылған профессор. PhD докторы, Б.Б.Амралинова	09.03.2022	
Жобалық геологиялық барлау жұмыстарының нысаналы мақсаты, әдістемесі және көлемі	қауымдастырылған профессор. PhD докторы, Б.Б.Амралинова	25.03.2022	
Қорларды есептеу	қауымдастырылған профессор. PhD докторы, Б.Б.Амралинова	05.04.2022	
Геологиялық барлау жұмыстарының сметасы	қауымдастырылған профессор. PhD докторы, Б.Б.Амралинова	12.04.2022	
Қалып бақылаушы	С.К.Асубаева, ГТПҚКІЖБ кафедрасының лекторы, Г.М.-Ғ.К.	21.05.2022	

Ғылыми жетекші



Б.Б. Амралинова

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



А.Ж. Алпысбай

Күні « _____ » _____ 2022

АҢДАТПА

Дипломдық жобада Шығыс Қазақстан облысында, Мұржық тауларының етегінде орналасқан, Шыңғыс – Тарбағатай мегаантиклинорийінің солтүстік батысын алып жатқан Есімжал кенорнының геологиялық сипаттамалары, яғни орналасу жағдайы, стратиграфиялық кезеңдері мен тектоникасына тоқтала кете, кездесетін пайдалы қазбаларының ерекшеліктері мен олардың минералдық, заттық құрамы қарастырылады және оларды игерудің негізгі экономикалық маңыздылығы жайында баяндалады. Сонымен қатар, жүргізілетін барлық жұмыстардың реттілігі сақталып, көкейкесті мәселелері айқындалады. Яғни, Есімжал кенорнына геологиялық барлау жұмыстарын жобалау және ашық игеру үшін жарамды тотыққан марганец кенорнын, С1,С2 категориялы қорларын есептей отырып, бағалау жұмыстары жүргізілді

АННОТАЦИЯ

В дипломном проекте рассматриваются геологические характеристики месторождения Есимжал, расположенного в Восточно – Казахстанской области, у подножия Муржикских гор, занимающего Северо-Западную часть Мегаантиклинория Чингиз-Тарбагатай, т. е. состояние расположения, стратиграфические периоды и тектоника, рассматриваются особенности встречающихся полезных ископаемых, их минеральный, вещественный состав и излагается основная экономическая значимость их разработки. При этом соблюдается последовательность всех проводимых работ, определяются актуальные вопросы. То есть, целью дипломной работы является проектирование геологоразведочных работ на месторождении Есимжал и проведение оценочных работ с подсчетом запасов окисленного марганца категории С1, С2, пригодных для открытой разработки.

ABSTRACT

The thesis project examines the geological characteristics of the Yessimzhal deposit, located in the East Kazakhstan region, at the foot of the Murjik Mountains, occupying the Northwestern part of the Chingiz–Tarbagatai Megaanticlinory, i.e. the state of location, stratigraphic periods and tectonics, examines the features of the minerals encountered, their mineral, material composition and outlines the main economic significance of their development. At the same time, the sequence of all work carried out is observed, topical issues are determined. The purpose of the thesis: is to design exploration work at the Yessimzhal deposit and conduct evaluation work with the calculation of reserves of oxidized manganese of category C₁, C₂, suitable for open-pit mining.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	9
1 Ауданның және кенорнның құрылысы	10
1.1 Ауданның экономикалық-географиялық сипаттамасы	10
1.2 Бұрын жүргізілген зерттеу жұмыстары	11
1.3 Стратиграфиясы	13
1.4 Интрузивті және метаморфтық түзілімдер	15
1.5 Тектоникасы	16
1.6 Пайдалы қазба денелерінің морфологиясы	17
2 Жобалық геологиялық барлау жұмыстарының нысаналы мақсаты, әдістемесі және көлемі	19
2.1 Жобалық жұмыстың міндеттері	19
2.2 Гидрогеологиялық зерттеу	19
2.3 Инженерлік-геологиялық зерттеу	21
2.4 Геофизикалық зерттеу	22
2.5 Бұрғылау жұмыстары	24
2.6 Зертханалық жұмыстар	25
3. Қорларды есептеу	27
3.1 Кенорнының күрделілік тобы	27
3.2 Қорларды есептеуге арналған кондициялар	28
3.3 Қорларды есептеу әдісі, кен денелерін контурлау және қорларды санаттау	30
3.4 Кен қорларын және компоненттердің орташа құрамын есептеу нәтижелері	30
4. Геологиялық барлау жұмыстарының сметасы	35
Қорытынды	40
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	41
Қосымша А	42
Қосымша Б	43
Қосымша В	44
Қосымша Г	45
Қосымша Д	46

КІРІСПЕ

Қазақстан бойынша белсенді қоры 426 миллион тоннадан асатын марганецтің 36 кенорын және 163 кен білінімі бар, болжамдық қорларын есепке алғанда, шамамен, 600 миллион тоннаны құрайды. Олардың ішінде ең ірілері – Батыс Қаражал және Үшқатын III кенорындары болып табылады. Аталған кенорындардан басқалары салыстырмалы түрде кедей болып есептеледі, яғни темірдің көп, ал марганецтің аз мөлшерімен сипатталады, соның бірі – Есімжал кенорны. Марганец кенінің ферроқорытпаларын еріту еліміздің дамып келе жатқан металлургия саласының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бұл дипломдық жоба ашық игеру үшін жарамды, Есімжал тотыққан марганец кенорнын бағалау үшін орындалады. Есімжал кенорны нашар дамыған болып келеді, алайда қазіргі металлургияда ферроқорытпаларды балқыту үшін кедей кенорындардан өндірілген марганец кенін қолданудың өзіндік маңызы бар. Себебі, үнемі еліміздің бай, ірі кенорындарынан кен өндіру, табиғи ресурстардың сарқылуына әкеліп соғуы мүмкін. Қазақстанның марганец шикізатының басты артықшылығы олардағы фосфордың төмен құрамы болып табылады, бұл төмен фосфорлы ферроқорытпаларды алуды қамтамасыз етеді, сонымен қатар, өндірілген марганецтің ферроқорытпалары, көбінесе, шойынды легирлендіру үшін қолданылады.

Дипломдық жоба бойынша геологиялық барлау жұмыстары 350 мың шаршы метр алаңда жоспарланып отыр.

Жобаланатын жұмыстардың негізгі мақсаты өнеркәсіптік санаттар бойынша, яғни С1 және С2 санатындағы қорларды есептей отырып, Есімжал марганец кенорнын геологиялық зерттеу және барлау болып табылады.

1. Ауданның және кенорынның геологиялық құрылысы

1.1 Ауданның экономикалық-географиялық сипаттамасы


Есімжал кенорны Мұржық тауларның етегінде, бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының шегінде орналасқан. Бұл аймақ Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік қорына кіреді. Ең жақын елді мекен – Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданындағы, кенорыннан батысқа қарай 24 км жерде орналасқан - Айнабұлақ ауылы. Әкімшілік орталығы – Семей қаласы, Шығыс-Солтүстік Шығысқа қарай 130 км жерде орналасқан.

Ең жақын теміржол бекеттері – кенорыннан бастысқа қарай 120 км қашықтықта орналасқан, Қарағанды-Қарағайлы тармағындағы Талдинка бекеті және Конечная(Курчатов қ.) бекетімен қосарланған, кенорыннан СШ-қа қарай 80 км жердегі №10 ядролық полигон алаңы. Кенорыннан шығысқа қарай 50 км жердегі, кезінде штольняларында атом бомбаларының жарылыстары жүргізілген, Дегелен(Г алаңы) таулары, атом полигонының орталығы болып табылады.

Аталған барлық пункттермен кенорны қара жолмен (Айнабұлаққа және Галаңына дейін), грейдерлік жолмен (Айнабұлақ - Егіндібұлақ), және жыл бойы автокөлікке жарамды асфальт төселген тас жолдармен (Г алаңы - №10 алаң - Конечная бекеті және Егіндібұлақ - Талдинка бекеті) байланысады.

Физикалық географиялық жағынан кенорын солтүстік-батыс бағытта созылып жатқан Мұржық тауларының әлсіз адырлы етегінде орналасқан, абсолюттік биіктігі 750-970,5м. Оңтүстік бөлігінің абсолюттік биіктігі 620м., солтүстік бөлігінде 674м.

Осылайша, кенорын бедері кенді аймақта мейлінше жазық, кенді аймақтан шығысқа қарай салыстырмалы түрде биіктіктері 12-20 м болатын, сыйыстырушы әктастардан құралған төбелердің параллель тізбектері бар. Ауданның гидрографиялық желісі нашар дамыған, көбінесе Мұржық тауынан бастау алатын, Сарыөзен өзенінің бассейніне жататын шағын өзендермен сипатталады. Кенорын маңынан ағып өтетін (1,5км) Ұзынбұлақ өзенінен басқа, Сарыөзеннің көп салалары жаз айларында кеуіп кетеді. Бұл аймақ Мемлекеттік қордың жайылымдық алқаптарына жатады, сондай-ақ осы жайылымды жерлерді Қарағанды және Шығыс Қазақстан облысының жақын орналасқан ауылшаруашылық кәсіпорындары шалғайдағы мал шаруашылығы үшін пайдаланады.



Сурет 1. - Есімжал кенорны ауданының шолу картасы

1.2 Бұрын жүргізілген зерттеу жұмыстары

Мұржық таулары ауданындағы марганец минералдануын алғаш рет А.А.Краснопольский XIX ғ соңында ескі Қарқаралы-Семей тас жолының жанында ашты. 1931 ж. В.В.Колокольников ауданның геологиясын 1:210 000 масштабтағы геологиялық түсіру жұмыстарын жүргізіп, алғашқы жүйелі зерттеу жұмыстарын бастады. Н.П.Михайлов 1943 ж. Мұржық тауы аймағына марганецті кенге іздеу жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде Ұзынбұлақ, Қостарақ, Дәулетпай участкелерінде марганец кенденуі ашылды. Осы кезде Н.П.Михайлов ауданның 1:50 000 масштабтағы геологиялық картасын жасады және Есімжал учаскесінде, оңтүстігінде 1200 метрге дейін, солтүстігінде 200 метрге дейінгі кенсыйыстырушы (рудовмещающий) горизонт канавалармен зерттелді. 1944 ж. ҚазГеолБасқарманың Мұржық экспедициясы Есімжал кенорнын барлауды бастады. Кенорны жер беті канавалармен, шурфтармен және тереңдікте скважиналармен барланды. Сондай-ақ, тереңдігі 30 м бір шахта (№1) және 20,30 м тереңдіктегі кавершлагтар жүргізілді. Барлау ұңғымалары бір-бірінен 200 м қашықтықта орналасқан 6 профиль бойынша бұрғыланды. Барлаудың максималды тереңдігі 190 м. Кенді интервал бойынша максималды керн шығысы – 52%, орташа шығысы – 36%ды құрады. Ұңғымаларды геофизикалық зерттеу және каротаж жұмыстары жүргізілген жоқ. Қор есептеу кезінде бекітілген кенді дененің орташа көлемдік салмағы – 3,12 г/см³. Гидрогеологиялық жұмыстар №12 ұңғымадан суды сорғылау барысында жүргізілді. Дебит – 0,5 л/сек. Статикалық, динамикалық деңгей өлшенген жоқ. Руданың заттық құрамы, технологиялық қасиеттері, кенорнын игерудің тау-кен техникалық жағдайлары зерттелмеген.

1944 ж. жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде, Есімжал кенорны ТКЗ сынағынан өтіп, марганец кендерінің қоры есептелді:

- С1 категориясы бойынша – 144 769 тонна, марганец үлесі - 35,12%
- С2 категориясы бойынша – 513 614 тонна, марганец үлесі – 23,86%

Жалпы категориялар бойынша С1+С2 – 658 883 т.

Ұзынбұлақ учаскесінде тереңдігі 30 метрге дейін жететін, құрамында 20,5% марганец бар, есептелген марганецті кен қоры – 12 348 тоннаны құрады. Дәулетпай учаскесінде – 10 мың тонна, құрамындағы марганец мөлшері – 23,5%. Қостарақ учаскесі 1944 ж. зерттелмеген. 1945 ж. Есімжал кенорнында геологиялық барлау жұмыстары жалғастырылды (Н.В.Смирняков). 1944-1945 жж. Кенорнында барлығы 72 канава, 20 шағые шурфтар, 19 кавершлагтарымен терең шурфтар, 7 кавершлагы бар құбыр, тереңдігі 30 метрден екі шахта, әрқайсысының 20 және 30 метр тереңдіктегі кавершлагы бар, 34 колонкалық бұрғылау ұңғымасы есептелінді. 1945 жылғы жұмыстар бұрын 200 м сайын бұрғыланған аймақта жүргізілді. Бұл жолы, орталық бөлімше әр 100 м сайын бұрғыланып, 190 м тереңдікке дейін барланды, солтүстік бөлімшеде 4 ұңғыма бұрғыланған (№16,29,30,31).

1944-1945 жылдардағы барлау жұмыстарының нәтижелері бойынша Есімжал кенорнының марганец кендерінің есептелген қорлары:

- В санаты бойынша – 529449 тонна (Mn - 33,94 %, P - 0,07 %, S - 0,1 %);
- С1 санаты бойынша – 171432 тонна (Mn-30,15%);
- С2 санаты бойынша – 212759 тонна (Mn-29,07%);

В+С1+С2 санаттары бойынша барлығы = 913677 тонна.

1947 жылы марганец кендерінің есептелген қорлары мемлекеттік баланста ескерілді, ал 1967 жылы олар көлемінің аздығына байланысты есептен шығарылды.

1995 жылы Есімжал кенорнын барлау 07.06.1995 ж. № 527 МГ сериялы лицензия шеңберінде ("Абайкен" ЖШС) жалғастырылды және лицензияны уақытша қайтарып алуға байланысты үш жылдық үзіліспен 2002 жылға дейін жалғасты. Осы кезеңдегі барлау жұмыстарының негізгі мақсаты 1944-1945 жылдардың нәтижелерін нақтылау және куәландыру, қорларды есептеу және марганец кенін балансқа қойып, әрі қарай марганец кенін өндіру болды. Орталық бөлімшеде 1945 жылғы ұңғымалар қайталанды – 3, 5, 27 (№ 01, 02, 03 ұңғымалар), оңтүстік бөлімшеде – жолақты кендер құлау бағыты бойынша №004, 005 ұңғымаларымен зерттелді. Солтүстік бөлімшеде №138, 139, 013, 014 ұңғымалары арқылы кендену XII-XII қимасына дейін бақыланды, Солтүстік және Орталық бөлімшелер арасындағы созылу бойынша кенденудің тұтастығы №04-09, 015-019 ұңғымалармен зерттелді. Кенді аймақтың беті аралары 50 м канавалармен ашылды(1995 ж), кейіннен 200 метр сайын магистральдық канавалар қазылды(2001 ж). Гидрогеологиялық, инженерлік-геологиялық және экологиялық зерттеулер толық көлемде орындалды.

1.3 Стратиграфиясы

Есімжал кенорны Шыңғыс-Тарбағатай мегаантиклинорийінің солтүстік-батысында орналасқан. Ауданның геологиялық құрылысына жоғарғы протерозойдың метаморфты түзілімдері, төменгі-орта девонның кайдауыл свитасының вулканогенді және вулканогенді-шөгінді түзілімдері, неоген арал свитасының борпылдақ шөгінділерімен және қазіргі заманғы түзілімдермен жабындалған, живет-фран, фамен-турней және төменгі визейлік терригенді-карбонатты, көмірлі және вулканогенді-шөгінді түзілімдер кіреді.

Аудан көлемі бойынша ең көне жыныстар шартты түрде жоғарғы протерозой кезеңіне жататын метаморфтық түзілімдер болып табылады. Олар Мұржық ауданының солтүстік бөлігінде дамыған және негізінен терригендік метаморфизм кезінде пайда болған жасыл-қатпарлы фацияның метаморфты жыныстары ретінде таралған, аз көлемде орта және негізгі құрамдағы вулканогенді жыныстар кездеседі.

Басым жыныстар - хлорит және хлорит-кремнийлі тақтатастар, аз мөлшерде кремнийлі жыныстардың метаморфизмі нәтижесінде пайда болған кремнийлі тақтатастар (сазды-кремнийлі, темір-кремнийлі цементтегі яшма, фтаниттер, алевролиттер) кездеседі. Сонымен қатар аз дәрежеде магма немесе интрузивті жыныстар нәтижесінде пайда болған қышқыл құрамды метаморфты жыныстар, яғни порфиритоидтар кездеседі. Метаморфизм көрсеткіші аудан көлемі бойынша әрқелкі. Тақтатастармен қатар бастапқы құрылымды, реликтері бар жыныстар кеңінен таралған (порфиритоидтар, конгломераттар, яшмоидтар).

1973 жылғы В. Я. Глухенький, Э. В. Орлова және т. б. ғалымдардың зерттеу нәтижесі бойынша метаморфты қабаттың жасы жоғарғы протерозой (PR3) деп анықталды. Солтүстік-батысқа қарай орналасқан жасыл тақтатастардың свитасын жауып жатқан вулканогенді-кремнийлі қабат төменгі орта Кембрий жасындағы қазбалы органикалық заттардан (трилобиттер, брахиоподтар, радиолариялар, микрофитолиттер, балдырлар) тұрады, соған орай тақтатастар жоғарғы протерозойға жатқызылды, қалыңдығы 1500 метрден асады.

Фамен-турней және төменгі визей түзілімдері ауданның орталық бөлігінде, Сарыөзек өзенінің орта ағысындағы Мұржық тауларының оңтүстік сілемдерінде орналасқан синклинальды құрылым – Мұржық шұңқырын құрайды. Шұңқырдың тереңдігі 16 км, ені 7-8 км, батыс құламалы қанаты Есімжал кенорнымен аяқталады.

Төменгі-орта девонның (D1-2 kd) Қайдауыл вулканииттері Мұржық шұңқырының айналасында кеңінен таралған.

Қайдауыл свитасы (D1-2 kd) қышқыл эффузивтер мен олардың туфтарының қабаттарынан тұратын орта, негізгі құрамды лавалар мен туфтардың қалың қабаттарымен көрсетілген. Табанында базальтоидтардың ағымы байқалады. 1973 ж. В.Я. Глухенький және т. б. ғалымдардың анықтауынша, Мұржық шұңқырының аймағында Қайдауыл свитасы негізінен андезитті порфириттерден және олардың құрамында сұйық риолиттердің, трахириолиттердің, дациттердің жеке ағындары бар туфтардан тұрады.

Қабаттың негізгі бөлігінде андезитті-базальттар мен базальтоидтардың ағындары кездеседі. Қабаттың жасы оның ордовик-силур мен живет-франның іргелес аймақтағы терригендік түрлі-түсті түзілімдері арасында орнығуының нәтижесінде анықталады. Свитаның қалыңдығы 1000-1500 метр.

Живет және франс ярустарының түзілімдері (D2 žv-D3 fr) алаңның батыс бөлігінде аздап дамыған және Қайдауыл свитасының вулканииттерінде бұрыштық үйлесімсіздікпен жатқаны байқалады. Олар қызыл түсті (шие-қызыл, күлгін, қою күлгін) конгломераттар, гравелиттер, құмтастар мен алевролиттер ретінде таралған. Аталып өткен жыныстардың сынық материалында Қайдауыл свитасының вулканогенді жыныстары басымырақ. Құмтастар жақсы сұрыпталуымен және материалдың жұмырлылығымен ерекшеленеді; цемент кремний-сазды, сазды-карбонатты, кейде темір гидрототықтары мен карбонатты заттармен араласады. түзілімдердің қалыңдығы 600 метр дейін барады. Палеонтологиялық тұрғыдан алғанда, бұл аймақтағы қабат зерттелмеген, бірақ синклинальды құрылымдардағы батыс аймақ зерттелген, сонымен қатар Антонюк Р.М. , 1969 ж. қазба органикалық кешендерді зерттеу нәтижесі бойынша, шөгінділердің живет және франс ярустарына жататындығы айқындалды.

Фамен түзілімдері төменгі – Мейстер (D3 fm1 ms) және жоғарғы – Сульцифер (D3 fm2 sl) горизонттарына бөлінеді.

Мейстер горизонты (D3 fm1 ms) негізінен қиманың жоғарғы бөлігіндегі әктастардан және әртүрлі құмтастардан, алевролиттерден, төменгі және ортаңғы бөліктердегі аргиллиттер мен гравелиттердің қабаттарынан тұрады. Мұржық шұңқырындағы төменгі фаменнің жалпы қалыңдығы 200 метрден аспайды. 1975 ж., М.В. Мартынованың айтуынша, жоғарғы брахиопод кешені Мейстер горизонтының жоғарғы бөлігін көрсетеді, ал төменгі және орта – оның төменгі бөлігімен сәйкес келеді. Есімжал кенорнының марганец кенденуі Мейстер горизонтының төменгі бөлігінде орын тепкен.

Сульциферлік горизонт (D3 fm2 sl) Мейстер түзілімдеріне үйлесімді жатыр және негізінен әр түрлі түсті, құрамы мен құрылымы бар әктастардан тұратын 3 бөлікке бөлінеді. Сульцифер горизонтының қалыңдығы шамамен 250 метр. Горизонттың жасы сульцифер уақытына тән Фауна кешеніне сүйене отырып, анықталған.

Төменгі Турненің Симорин және Кассин горизонттары (C1 t1 sm+ks) жоғарғы фамен түзілімдерін үйлесімді жабындап жатыр. Олар сұр, ашық сұр, кейде қызғылт-сұр органогендік-детритті қабықтармен және криноидты-бриозой әктастарымен, сұр, жасыл-сұр мергелдік әктастармен, кремнийлі әктастармен, сары-сұр түсті мергельдермен көмкерілген. М. Я. Токареваның пікірінше, қалыңдықтағы брахиоподтардың фаунасы төменгі турнеге тән (симорин және кассин горизонттары). Қалыңдығы 160-200 метр құрайды.

Русаковский горизонтының карбонатты түзілімдері (C1 t2 rs), сұр кремнийлі әктастардан, мергельдерден, құмтастар мен алевролиттерден тұрады, сондай-ақ қима бойынша жоғарығы бөлігінде үйлесімді орныққан. Горизонт жыныстарынан алынған қазба фаунасы Русаковский жасына тұспа-тұс келеді,

қалыңдығы 200-300 метр.

Русаков горизонтының шөгінділері Мұржық шұңқырының өзегін құрайтын визей (C1v1-2) Көмір шөгінділерімен үйлесімді қабаттасады. Олар ашық сұр түсті, ұсақ және орташа түйіршікті құмтас қабатшалары бар алевролиттерден тұрады, олардың құрамында көмір жыныстары мен қабатшалары кезеседі. Көмірлі түзілімдердің қалыңдығы шамамен 200 метр. Көмір пакеттерінің қалыңдығы 3-12 метр құрайды және осындай 8 пакеттер бар. Көмірлі пакеттерде 0,2-2,3 метр қалыңдықтағы тас көмірдің қабаттары мен линзалары болады, олардың құрамында флора іздері мен плаундық өсімдіктердің споралары бар екендігі бұл шөгінділердің визей жасына сәйкес екендігін көрсетеді.

Палеозой іргетасының жыныстары барлық жерде дерлік борпылдақ кайнозой шөгінділерімен жабындалған, олардың арасында төменгі-орта миоценнің Арал свитасына тән сазды шөгінділері және аллювийлі, пролювийлі қазіргі заманғы шөгінділер ерекшеленеді.

Арал шөгінділері (N1 ar) палеозой түзілімдерімен қабаттаса төрттік шөгінділермен көмкерілген. Свита негізінен жасыл, жасыл-сұр, жасыл-қоңыр монтмориллонит саздарынан, қоңыр саздың қабаттарынан, құм мен алеврит материалының линзаларынан тұрады. Саздарда псиломеланның қара қабығы, гипстің ұсақ түйіршіктері және кальцийлі шөгінділер кездеседі. Свитаның қалыңдығы аудан көлемінде 1 метрден 45 метрге дейін.

Свитаның жасы (төменгі-орта миоцен) оңтүстік пен солтүстік-шығысқа іргелес аумақтардың қималарымен сәйкестенген.

Қазіргі заманғы түзілімдер аллювийлі және пролювийлі шөгінділермен анықталған. Қазіргі заманғы аллювий өзендердің жайылмаларын қамтиды және нашар сұрыпталған құмдар мен саздақтардың қабаттарымен, қиыршық тастармен ерекшеленеді. Аллювийдің қалыңдығы 3-5 метр болады. Проллювийлі шөгінділер уақытша су ағындарының арналарында пайда болады және саздақ материал араласқан қиыршық тасты-құмды шөгінділерден тұрады. Жауын-шашын мөлшері 2-3 метр.

1.4 Интрузивті және метаморфтық түзілімдер

Аудан шегіндегі магмалық жыныстар аздап дамыған және ерте ордовиктің гранодиориттерімен, диориттермен және орта девондық гранит порфирлерімен айырықшаланады.

Ерте ордовиктік интрузиялар Мұржық тауларының оңтүстік бөлігінде аумақтың солтүстік-шығысында, шартты түрде жоғарғы протерозой дәуірінің шөгінділерін қиып, шығыстан бастысқа қарай созылған кішігірім массивті құрайды. Ерте ордовиктік интрузиялар арасында ең кеңінен таралған жыныстар-гранодиориттер ($\gamma\delta O_1$), массив аймағының 60-90% үлесін құрайды және кварцты диориттерге біртіндеп ауысымы байқалады. Интрузив эндоконтактілерінде диориттер мен габбро-диориттерге сәйкес келетін меланократтық ерекшеліктер кездеседі. Гранодиориттер қызғылт-сұр және сұр түсті, ұсақ және орта түйірлі

құрылымға ие, ішкі бөлігінде біркелкі және шеткі бөлігінде порфирлі болып келеді. Порфирлі гранодиориттер кейбір жерлерде біртіндеп диориттер мен кварцты диориттерге ауысады. 1971 ж. Г. Ф. Ляпичев тұжырымына сай, мұндай интрузиялар ерте ордовик (Чаганский) кешеніне жатқызылды.

Ортадевондық интрузиялар (γD_2) девондық вулканотектоникалық депрессиялардың ядроларымен шектеледі. Олар төменгі-орта девон вулканииттерін жіңішке мүйіздену жолын қалыптастыра отырып, қиып өтеді, ал жақын аймақта орналасқан живет-фран ярусының терригенді жыныстары мен фамен ярусының эктастарында контактілік метаморфизм ізі байқалмайды. Массивтердің өлшемдері-алғашқылары шаршы шақырым. Геофизикалық мәліметтерге сәйкес, олар вулкандық аппараттармен байланысқан және лакколит қалпағымен ілінген орталық плутондардың цилиндрлік денелерін құрайды.

Орта девондық интрузиялар қызғылт, тығыз, ұсақ түйірлі аляскитті гранит-порфирлерден құралған. Интрузияның ең шеткі бөліктерінде минералды құрамы сол қалпы, бірақ ұсақ, майда түйірлі құрылым байқалады.

1.5 Тектоникасы

Құрылымдық жағынан, аудан толығымен Шыңғыс-Тарбағатай мегаантиклинориясының солтүстік - батысында орныққан, онда үш құрылымдық этаж ерекшеленеді: салаир, каледон және герцин.

Салаир құрылымдық кешені Байкал соңында – салаир тектоникалық дәуірлерінің басында пайда болған. Оның құрамына шартты түрде жоғарғы протерозойдың жасыл қатпарлы фациясының күрделі метаморфталған жыныстары кіреді.

Қатпарлы формалар көбінесе изоклинальды қатпарлармен сипатталады, олардың осьтері антиклинорийдің созылу бағытына сәйкес. Кейбір учаскелерде жоғары қатпарлылық, қанаттарының гофрленуі, ирелеңденуі, қатпарлардың ыдырауы және орналасуы байқалады. Бірінші ретгі қатпарлардың созылуы 500-1000 метр, сызықтық ұзындығы 5-7 км.

Каледон қатпарлы кешені төменгі-орта девонның вулканогендік-молассалық түзілуінен тұрады. Бұл кешен қабаттасқан құрылымдармен, вулканды-тектоникалық ойықтармен және қабаттасқан синклиндермен сипатталады. Аталған синклинальдардың ішінде құрылымдардың екі түрін ажыратуға болады: сызықты грабен-синклинальдар және изометриялық, тұрақты емес пішінді, брахисинклинальдар.

Ауданның герциндік құрылымдары живет-фран, фамен, турне және визей терригендік-карбонатты, көмірлі және вулканогендік-шөгінді түзілімдерінен құралған құрылымдық қабатпен сипатталған. Герциндік құрылымдарға жіңішке сынық тәрізді "кірістірілген" грабен-синклинальдар, сондай-ақ қабаттасқан шұңқырлар тән. Ауданның ең үлкен герцин құрылымы - Мұржық шұңқыры.

Мұржық шұңқырының фамен және төменгі көмір түзілімдері каледонидтер құрылымдарында күрт үйлесімсіздікпен орналасып жатыр. Шұңқыр ішінде брахисинклиндердің бірқатар бөлінген немесе жіңішке

антиклинальды иілімдерімен байланысты, олардың қанаттары бірнеше жүз метрден 3-4 км - ге дейін жетеді.

1.6 Пайдалы қазба денелерінің морфологиясы

Кенді горизонт Мейстер қабаттарының төменгі бөлігінде (D3fm1 ms) 3 шақырымнан асатын жерді алып жатыр. Литологиялық құрамы мергельдерден, саздар және алевролиттердің көбірек мөлшері бар карбонатты шөгінділерден тұрады, сирек құмтастар да кездеседі.

Кенді горизонтты зерттеу нәтижесінде, оның негізгі бөлігінде сынық материалдарының жоқ екендігі, сонымен қатар кенді горизонттың әктас және тотықты марганец кендерінен тұратындығы белгілі болды. Құрылысының кейбір жерлерінде сазды материалмен жабындалған қолба тәрізді жыныстар, марганец кендерін жиектейтін тотыққан әктасты немесе сазды жыныстар кездеседі. Аталған кенді қабатты құрайтын тау жыныстарының бұл түрлері, қалыңдық бойынша да, созылу мен құлау бағыты бойынша да бірқалыпты тұрақты кездеспейді, олар бір-бірімен өзара қабаттасып жатыр.

Марганец кенденуі негізінен біртұтас кен денесін құрайды, кейбір жерінде 2-3 кішігірім бөліктерге бөлінеді және сирек жағдайларда кенді қабатта қалыңдығы бойынша жіңішке қосымша линзалар пайда болады.

Руда горизонттың құрайтын материалдың табиғаты жағынан оны созылуы бойынша 4 бөлікке бөлуге болады.

Біріншісі - оңтүстіктегі бөлігі (0, I, II, IIa профильдері), ол тығыз тотықты кендер мен кремнийлі, сазды әктастармен сипатталған, марганец ұялары мен дендриттері кездеседі. Жер бетінен 20-40 м тереңдікте олар пирролюзит, псиломелан, манганит қабатшалары мен линзалары бар әктастардан тұратын әлсіз жолақты марганец кендеріне біртіндеп ауысады. Кенді горизонттың бұл бөлігі 400 м-ге дейін созылып жатқан Оңтүстік кен білінімі деп аталды, 50-80 метрден төмен тереңдікте марганец кенденуі азайып, кенді горизонт марганец дендриттері бар кремнийлі әктастармен ерекшеленеді.

Екінші бөлігі (III, IIIa, IV, V, Va, VI, VIa, VII профильдер) негізінен әктастардың жұқа қабатшалары кездесетін тотықты кендерден және кей жерлерінде алевролиттерден, құмтастардан тұрады. Тек VII профильде кремний, сазды әктас және тотықты марганец кендерінің қабаттасу негізінде пайда болған жолақты кендерден тұрады. Бұл бөлік тотықты кендердің ең қалың қабатымен ерекшелене отырып, Орталық кен білінімін құрайды. Ол 190-200 м тереңдікке дейінгі ұңғымалардан байқалады және IIIa, IV, IVa, V, Va профильдерінде тереңдікте битуминозды әктастармен екі қабатшаға ажыраған бір кен денесімен сипатталады. Марганец кендерінің төменгі қабаты брекчияланған карбонатты жыныстармен қапталған. Орталық кен білінімі 900 м-ге дейінгі аралықты алып жатыр.

Кенді горизонттың үшінші бөлігі (VIII, IX, X, XI профильдер) сазды, кремнийлі әктастардан тұрады, кей жерлерде брекчияланған, әлсіз жіңішке жолақты гематит-манганитті және сирек пирролюзит-манганитті, таза гематитті

кендерден тұрады. Бұл бөлікте 1000 метрге дейін іздестіру жұмыстары жүргізілген, соның нәтижесі бойынша мұнда өнеркәсіптік марганец кендері табылған жоқ.

Кенді горизонттың төртінші бөлігі ең солтүстікте (XII, XIII, XIV, KM профильдер), жер бетінен тығыз әрі жұмсақ тотықты марганец кендерінен тұрады, олардың құрамында қолба тәрізді жыныстар мен әктастардың мөлшері басым. Құлау бағыты бойынша төмен қарай (50-60 м тереңдіктен) олар әктастың, пирролюзитті псиломеланның жіңішке қабатшалары кездесетін жолақты кендерге ауысымы байқалады. Тереңдеген сайын кен денесінің қалыңдығы біртіндеп азаяды, сонымен қатар 90-160 м. тереңдікте оның қалыңдығы 0,3-0,5 м. құрайды. кен горизонтының 640 м. созылып жатқан бұл бөлігі Солтүстік кен білінімі деп аталды.

Одан әрі солтүстікке қарай (профиль XVI) марганец кендері жоғалып, аймақ марганец оксидтерінің дендриттері бар әктастармен жалғасады.

2 Жобалық геологиялық барлау жұмыстарының нысаналы мақсаты, әдістемесі және көлемі

2.1 Жобалық жұмыстардың міндеттері

Жоспарланған геологиялық барлау жұмыстары 350 000 шаршы метр аумағын алып жатыр.

Жобаланған жұмыстардың басты міндеті өнеркәсіптік санаттар бойынша кен қорын есептей отырып, Есімжал марганец кенорнын геологиялық барлау болып табылады.

Осы орайда келесідей геологиялық міндеттер шешімін табады:

1) Марганец кенденуінің жатыс элементтері, яғни созылу және құлау бағыттары бойынша тұтастығын зерттеу.

2. Кенорнының инженерлік-геологиялық және гидрогеологиялық, экологиялық ерекшеліктерін зерттеу.

3. Жобаланатын аудандағы марганец кендерінің қорларын бағалай отырып, есептеу.

2.2 Гидрогеологиялық зерттеулер

Барлау жұмысы барысында анықталды:

- сулы горизонттар мен кешендердің таралуы, олардың жатыс жағдайлары, жерасты суларын қоректендіру транзитінің талаптары, су сыйыстырғыш жыныстардың диалогтық құрамы және жерасты суларының теңгерім режимінің негізгі ерекшеліктері;

- жер асты суларын және олардың пайда болу көздерінің (атмосфералық жауын-шашын, жер үсті сулары) сапасын бағалау;

- жерасты суларының түзілу көздерінің анықтамасы және сандық бағасы;

-кенорындарын пайдалану процесі кезінде жер асты, жер үсті суларының режимі мен теңгерімдерінің өзгерісін және олардың қоршаған ортаға деген әсерін нақтылау;

-жоғарғы және төменгі горизонттарда өңделетін қабаттарға қарай ағу есебінен тау-кен қазбаларындағы ықтимал су ағыстары;

-тау-кен жұмыстарын өндіруге қолайлы жағдай жасау үшін кен денелерін алдын-ала құрғату мүмкіндіктері.

Барлық бұрғылау ұңғымаларында гидрогеологиялық бақылаулар жүргізіледі деп күтілді, бақылау барысында сулы горизонттардың деңгейі, жуу сұйықтығының сіңуі, ұңғымадан судың өз бетінше ағып шығуы, бұрғылау құралының құлауы, газдардың шығуы мәлімденуі қажет.

Гидротехникалық іздестірудің негізгі әдістері ретінде жер асты суларының сынамалы және тәжірибелік сорғылауы мен химиялық талдаулар пайдаланылды.

Сынамалық сорғылар сулы қабаттың қозғалғыштығын және оның суының сапасын анықтау үшін жүргізіледі. Сынамалық сорғы кезінде судың шығыны мен сол шығынға сәйкес статистикалық деңгейдің түсуі байқалады, сорғылау

ұзақтығы 3 бр/см. Сынымалық сорғылау су деңгейінің екі рет түсуі кезінде жүргізіледі. Өлшемдер сорып алуды іске қосқаннан кейін 5, 10, 15, 30, 60 минуттан кейін әр сағат сайын, барлығы 28 өлшем жүргізіледі. Сорғылау біткеннен соң деңгей қалпына келеді де, сорғы өшкеннен кейін 5, 10, 15, 30, 60 минуттан соң, содан кейін әр сағат сайын судың статистикалық деңгейіне жеткенге дейін 28 өлшеу жүргізіледі.

Тәжірибелік сорғылау есепнамалық гидрогеологиялық параметрлерді алу үшін, сонымен қатар сулы қабаттың өзара және жер үсті су ағындарымен, су айдындарымен аймақтық сүзгілеу сипаттамасын бағалау және депрессиялық воронканың радиусы мен түзілуін анықтау мақсатында пайдаланылады.

Жаңадан бұрғыланған ұңғымадан ұзақтығы 15 бр / см тәжірибелік сорғылау жүргізу күтіледі, кенорын аймағында бірдей орналасқан кем дегенде 4 ұңғымада жер асты суларының деңгейін өлшеу жүргізіледі. Сорып алу кезінде әр сағат сайын, ал су деңгейінің қалпына келу кезінде - әр сағат сайын үш ауысым бойы өлшенді, содан соң деңгейдің қайта қалпына келу жылдамдығына байланысты бақылаулар саны азаяды 2, 4, 8, 16, 32, 64, 128 нәтижесінде, тәжірибелік сорғылау кезінде жалпы саны 532 ((15 бр/см x 7 + 3 x 7 + 7) x 4) өлшем жүргізілді.

Сынамалық және тәжірибелік сорғылау барысында жүргізілген өлшеулерді қосқанда жалпы саны $532 + 28 + 28 = 588$ өлшеу жүргізілді, судың сапасын зерттеу үшін ұңғымаларда немесе тау-кен қазбаларында алынған су сынамаларына химиялық талдау жүргізіледі. Сорғылау процесі кезінде деңгейдің әрбір төмендеуінің соңында толық химиялық талдау мен микрокомпоненттерден су сынамасы (0,5 л) алынады.

Кенорнын барлау кезінде судың химиялық құрамын зерттеу, суды әрі ө-қарай қандай мақсатта қолдануға болатыны анықтау үшін жүргізіледі: егер судың сапасы ГОСТ 2878-82 "ауыз су" сай болса, шаруашылық қажеттілік үшін, немесе технологиялық талаптарға жарамды болса, карьерлік суларды кәдеге жарату жөніндегі іс-шараларды негіздеу үшін, егер оларды пайдалану мүмкін емес болса, химиялық талдау үшін алынатын су сынамаларының саны – 30. Тәжірибелік сорғы ұңғымадағы жуу сұйықтығының ең көп шығынымен іске асырылады.

Гидрогеологиялық зерттеулердің көлемі 2.1-кестеде келтірілген.

Гидрогеологиялық зерттеулерге жұмсалатын уақыт 2.2-кестеде келтірілген

2.1 кесте. - Гидрогеологиялық зерттеулердің көлемі

Жұмыстың әдістері мен тізімі	Өлшем бірлігі	Жұмыс көлемі
50 м тереңдікке дейін эрлифт Д-Ю8 мм мен тәжірибені дайындау және жою	ұңғыма	4
Эрлифт арқылы сынамалық және тәжірибелік сорғылауды жүргізу	бр/см	18
50 м. тереңдікке дейін бұрғылау ұңғымаларындағы су деңгейін өлшеу	1 өлшем	532

2.1 кестенің жалғасы

Орындаушылардың жазда ұңғымалар арасында жаяу қозғалысы	1 км	
Д-108 мм уақытша төсеу және бөлшектеу	100 м	1,0

2.2 кесте. - Гидрогеологиялық жұмыстарды жүргізуге жұмсалатын уақыт шығынын есептеу

№ п/п	Жұмыстардың атауы және оларды жүргізу шарттары	Өлшем бірлік	көлем	Норм. док.	Бірлікке арналған уақыт нормасын өлшеу	Барлық көлемге кететін уақыт
	Тәжірибені эрлифтпен дайындау және тарату 108 мм-ден 50 м-ге дейін	ұңғ	1	СУСН 2 Т. 48 Н 1.3	1,23	1,23 бр/см
	Бір эрлифтпен тәжірибелік айдау жүргізу жылжымалы компрессорлық станциясымен	ұңғ	1	жоба	18	18 бр/см
	Бұрғылау ұңғымаларындағы су деңгейін өлшеу 50 м тереңдікке дейін өлшеу	1 өлшем	588	СУСН 2 Т. 70 Н. 1.1	0,02	11,76 бр/см
	Жаз мезгілінде ұңғымалар арасында орындаушылардың жаяу жүруі	1 км	20	СУСН 2 Т. 102 Н. 1.1	0,034	0,68 бр/см
	Д-Ю8 ММ уақытша құбырды төсеу және бөлшектеу	100	1	СУСН 2 Т. 90 Н. 2.1	1,19	1,19 бр/см

2.3 Инженерлік-геологиялық зерттеулер

Инженерлік-геологиялық зерттеулер барлау процесі кезінде кен орынның тау-кен техникалық ахуалын анықтау үшін жүргізіледі. Тау жыныстарын инженерлік-геологиялық зерттеудің негізгі мақсаты:

1. таужыныстар мен кендердің минералдық-петрографиялық құрамын;
2. борпылдақ кендер мен жыныстардың гранулометриялық құрамын;
3. физикалық қасиеттерін, яғни табиғи ылғалдылығын, кеуектілігін, қопсыту коэффициентін, сазды жыныстардың икемділігін, сонымен қатар ісіну

дәрежесін, сазды және басқа да әлсіз цементтелген жыныстардың жібіту қабілетін; моноклитті жыныстардың ұсақтауға және бұзылуға төзімділігін анықтау болып табылады.

Инженерлік-геологиялық зерттеулер кезінде 10 сынама алуға болады. Бұл сынамалар бір мезгілде парафиндеу арқылы алынады. Жоғарыда аталған сынақтарды анықтау үшін сынамалар жеке-жеке 10 X 10 X 10 см өлшемді жазықтықтары бар моноклиттерден алынуы қажет.

Инженерлік-геологиялық зерттеулер кешеніне тау жыныстары мен кендердің көлемдік массасын және оларды қопсыту коэффициентін анықтау жатады, осы параметрлерді зерттеу үшін IV-VI санаттағы жыныстар бойынша көлемі 8 м³ сынамаларды іріктеу және далалық өңдеу жүргізілді.

Инженерлік-геологиялық зерттеулердің көлемі 2.3-кестеде келтірілген.

2.3 кесте. - Инженерлік-геологиялық зерттеулердің көлемі

Жұмыстардың тізбесі мен тәсілдері	Өлшем бірлігі	Жұмыстың көлемі
Көлемдік массаны және қопсыту коэффициентін далалық анықтаумен сынамаларды іріктеу және өңдеу	м ³	0,3
Көлемі 10x10x10 см жазықтықтары бар жыныстардың моноклиттерін кейіннен парафиндеу арқылы іріктеу	дана	10

2.4 Геофизикалық зерттеулер

Жобаланатын барлық ұңғымаларда табиғи марганецтің құрамын анықтау үшін нейтрондық-активтендіру каротаж (НАК) тәсілін қолдана отырып, каротаждық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Осы әдістің нәтижелері бұрғылау мен химиялық-аналитикалық жұмыстардың сапасын тәуелсіз бақылау ретінде пайдаланылатын болады.

Барлық барлау ұңғымаларында ұңғыма оқпанының кеңістіктегі жағдайын анықтау мақсатында инклинометрия жүргізілді. Сондай-ақ МКР-35 инклинометрі қолданылды. Өлшеулер әрбір 35 м. сайын орындалды, бақылау көлемі-10%, бұрғыланған ұңғымалар көлемі бойынша инклинометрияның камтуы 100%.

Геофизикалық зерттеулердің көлемі 2.4-кестеде келтірілген.

2.4 кесте. - Геофизикалық зерттеулер көлемі

Жұмыстардың тізбесі мен тәсілдері	Өлшем бірлігі	Жұмыс көлемі
Нейтронды-активтендіру каротаж (НАК), охват 90%	ұңғыма, пог.м	346
Инклинометрия	ұңғыма, пог.м	346
Гамма-каротаж	ұңғыма, пог.м	346

2.5 кесте. - Геофизикалық жұмыстарға кететін уақыт шығынын есептеу

№ п/п	Жұмыстардың тізбесі мен тәсілдері	Өлшем бірлігі.	көлем	Норм. док.	Бірлікке арналған уақыт нормасын өлшеу	Барлық көлемге кететін уақыт
1	Өткелдер: - I сыныпты жолдар бойынша - қара жолдар бойынша - жолсыз жерлермен	100 п.м. 100км	12,02 *2 3,4*2 0,03*20	СУСН 3 Ч. 5; Т. 7 Н. 1 Т. 7 Н. 3	0. 332 0. 571 1. 120	7. 97 3. 88 0. 67
	Барлық өткелдер в т. ч. базадан учаскеге дейін учаскеден ұңғымаға дейін	Отр/см				12. 52 11. 85 0. 67
2	ГИС ПЗР комплекс базасында НАК, орт. тереңдік 50 м ГК, орт. тереңдік 86 м	1 шығу -1000м 1 шығу -1000м	4 1,549 1,721	т. 6; Н. 1 ВПСН ф-1 Н. 10 Т. 1. гр. 7 Н. 2 Т. 16 Гр.3	0. 119 1. 25 0. 92	0. 476 1.936 1, 583
3	Инклинометрия	1000м 1 шығу -1000м	1, 721	Т. 1; гр.14 Н. 2; гр. 15 ГР14. Н. 2	0. 57	0. 981
	Барлығы ГИС	Отр/см				4. 976
	жалпы	Отр/см				17.496
	Өткелдердің үлес салмағы	%				71. 6
	Толық емес жүктеме коэффициенті	%				1.0
	Өнімділік жүктеулер коэффициенті	%				41. 50

Пайдаланылатын каротаждық қондырғылардың түрі - СК-1-74 базадан жұмыс учаскесіне дейінгі қашықтық 385 км

- I сынып жолдарында - 300 м.

- топырақты жолдар бойынша 85 км

Ұңғымаға дейінгі орташа қашықтық - 3 км

Күнтізбелік жұмыс уақыты-жаз

2.5 Бұрғылау жұмыстары

Жобамен марганец кені денелерін 200 x 50-100 м желісі бойынша 100 м тереңдікке дейін барлау мақсатында барлау бұрғылауын жүргізу жоспарланды. Аталған бұрғылау жұмыстары В+С1 санаттары бойынша марганец кендерінің қорларын есептеуге мүмкіндік береді.

2.6 кесте. - Жобаланған барлау ұңғымаларының тізбесі мен көлемі

№ п/п	Профиль №	Ұңғыманың жобалық тереңдігі, м
01	IVa	60.0
02	IVa	114.7
03	Va	65.4
04	Va	105.9
барлығы		346,0

2.7 кесте. - Бұрғылау дәрежесі бойынша көлемдерді бөлу

Бөлу, интервал, м	Жалпы көлем	Соның ішінде бұрғылау тобы бойынша							
		I	II	V	I	II	V	VII	I
В %	100	6	4	2	3	2	40	7	
Жобалық интервал 0-100 м, Соның ішінде рудалық интервал бойынша	46,0	0,8	2	3,0	8	9,6	7	13	2
						1	8,4	4,2	
						4,92			

2.8 кесте. - Бұрғылау жұмыстарына кететін уақытты есептеу

